

**«С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ
D091 – Ветеринария (8D09101 – Жануарлардың ветеринарлық жайлылығы,
8D09102 – Мал өнімдерінің санитарлық-экологиялық қауіпсіздігі, 6D120100 -
Ветеринарлық медицина, 6D120200 - Ветеринарлық санитария) даярлау
бағыты бойынша диссертациялық кеңесінің 2022 жылы атқарған жұмысы
жөнінде
ЕСЕП**

«С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ D091 – Ветеринария (8D09101 – Жануарлардың ветеринарлық жайлылығы, 8D09102 – Мал өнімдерінің санитарлық-экологиялық қауіпсіздігі, 6D120100 - Ветеринарлық медицина, 6D120200 - Ветеринарлық санитария) даярлау бағыты (мамандықтары) бойынша диссертациялық кеңес Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2022 жылғы 18 наурыздағы № 103 бұйрығына және С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ Басқармасы төрағасының 31.05.2022 жылғы № 261-Н бұйрығына сәйкес құрылған.

Диссертациялық кеңес төрағасы профессор Б.С. Майқанов, төраға орынбасары профессор С.Т. Дюсембаев, ғалым хатшы доцент Ж.Ә. Сұраншиев тағайындалған.

Б.С. Майқановтың өтініші бойынша диссертациялық кеңестің құрамына Университет Ғылыми кеңесінің 2022 жылғы 27 қазандағы № 2 хаттама шешімі негізінде 09.11.2022 жылғы № 580-Н бұйрығына сәйкес келесідей өзгеріс енгізілді: диссертациялық кеңес төрағасы профессор Б.С. Майқановтың орнына профессор И.Т. Жақыпов және диссертациялық кеңес құрамына Аутелеева Л.Т. тағайындалды.

Диссертациялық кеңеске келесі даярлау бағыты бойынша диссертацияларды қорғауға қабылдауға рұқсат етілген:

8D09101 – «Жануарлардың ветеринарлық жайлылығы»;

8D09102 – «Мал өнімдерінің санитарлық-экологиялық қауіпсіздігі»;

6D120100 – «Ветеринарлық медицина»;

6D120200 – «Ветеринарлық санитария».

1. Өткізілген мәжілістер саны туралы мәліметтер.

Есеп беріліп отырған жылы 10 мәжіліс өткізілді.

№1 Мәжілісте (17.08.2022) Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің докторанты А.Б. Жексенаеваның PhD 6D120200 - «Ветеринарлық санитария» мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін қорғауға арналған диссертациялық жұмысын қабылдау жөніндегі өтінішін қарастыру.

№2 Мәжілісте (17.08.2022) Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің докторанты Д.М. Муратбаевтың 6D120100 - «Ветеринарлық медицина» мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін қорғауға арналған диссертациялық жұмысын қабылдау жөніндегі өтінішін қарастыру.

№3 Мәжілісте (29.09.2022) докторант Жексенаева Асель Бексултановнаның 6D120200 - «Ветеринарлық санитария» мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін алу үшін дайындалған «Безопасность, качества и ветеринарная санитарная оценка говядины в чрезвычайной зоне радиационного риска бывшего СИЯП» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын қорғауы.

№4 Мәжілісте (29.09.2022) докторант Муратбаев Даулетбек Манарбековичтің 6D120100 - «Ветеринарлық медицина» мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін алу үшін дайындалған «Сиыр бедеулігін алдын алу және жоюға бағытталған ветеринариялық іс-шараларды жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын қорғауы.

№5 Мәжілісте (4.10.2022) диссертациялық кеңес құрамына өзгеріс енгізу бойынша диссертациялық кеңес Төрағасы Балғабай Сәдепұлы Майқановтың өтінішін қарастыру.

№6 Мәжілісте (21.12.2022) Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің докторанты Сулейменов Шыңғыс Кайратовичтың 6D120100 – «Ветеринариялық медицина» мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін қорғауға арналған диссертациялық жұмысын қабылдау жөніндегі өтінішін қарастыру.

№7 Мәжілісте (21.12.2022) диссертациялық кеңес Төрағасы Джакупов Исатай Тусуповичтың докторанты Абулtdинова Аида Бағдатқызының диссертациялық жұмысын қабылдау жөніндегі өтінішін қарастыру үшін диссертациялық кеңес туралы үлгі ереженің 30 тармағы бойынша Төрағаны ауыстыру.

№8 Мәжілісте (21.12.2022) С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің докторанты Абулtdинова Аида Бағдатқызының 6D120100 – «Ветеринариялық медицина» мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін қорғауға арналған диссертациялық жұмысын қабылдау жөніндегі өтінішін қарастыру.

№9 Мәжілісте (21.12.2022) С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің докторанты Іңірбай Бақытқали Қабиұлының 6D120100 – «Ветеринариялық медицина» мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін қорғауға арналған диссертациялық жұмысын қабылдау жөніндегі өтінішін қарастыру.

№10 Мәжілісте (21.12.2022) С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің докторанты Жұбатқанова Аигерім Жандарбекқызының 6D120200 – «Ветеринариялық санитария» мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін қорғауға арналған диссертациялық жұмысын қабылдау жөніндегі өтінішін қарастыру.

2. Мәжілістің жартысынан кем жұмысына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелері

- жоқ.

3. Білім алатын ұйым атауы келтірілген докторанттар тізімі

Т.А.Ж.	Мамандығы	Диссертация тақырыбы	Ғылыми кеңесшілері	ЖОО (білім алатын жері)
Жексенаева Асель Бексултановна	6D120200 – «Ветеринариялық санитария»	«Безопасность, качества и ветеринарная санитарная оценка говядины в чрезвычайной зоне»	С.Т. Дюсембаев – ветеринария ғылымдарының докторы Семей қаласының Шәкәрім университетінің профессоры	«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

		радиационного риска бывшего СИЯП»	М.В. Заболотных – биология ғылымдарының докторы, Омск мемлекеттік аграрлық университетінің профессоры (Ресей)	
Муратбаев Даулетбек Манарбеков ич	6D120100 – «Ветеринариялық медицина»	«Сиыр бедеулігін алдын алу және жоюға бағытталған ветеринариялық іс-шараларды жетілдіру»	З.К. Токаев – ветеринария ғылымдарының докторы Семей қаласының Шәкәрім университетінің профессоры В.Ю. Стефаник – ветеринария ғылымдарының докторы, профессор. С. Гжицкий атындағы Львов Ұлттық ветеринариялық медицина және биотехнология университеті, Украина	«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
Сулейменов Шынғыс Кайратович	6D120100 – «Ветеринариялық медицина»	«ССЯП аумағындағы жылқы параскаридозы, сойыс өнімдерін ветеринариялық-санитариялық сараптау ерекшеліктері»	Дюсембаев Сергазы Турлыбекович - ветеринария ғылымдарының докторы, профессор, «Семей қ. Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ, Қазақстан Республикасы Заболотных Михаил Василеевич - биология ғылымдарының докторы, профессор, Омбы мемлекеттік аграрлық университеті, Ресей Федерациясы	«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
Абулtdинова Аида Бағдатқызы	6D120100 – «Ветеринариялық медицина»	«Новые параметры клинической и лабораторной диагностики послеродовых патологий у коров»	Джакупов Исатай Тусупович – ветеринария ғылымдарының докторы, профессор, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті Axel Wehrend – ветеринария ғылымдарының докторы, профессор, Юстус Либиг атындағы Гиссен университеті, Германия	«С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ
Іңірбай Бақытқали Қабиұлы	6D120100 – «Ветеринариялық медицина»	«Мультипротеинді рекомбинант антигенін	Бұлашев Айтбай Қабыкешұлы – ветеринария	«С. Сейфуллин атындағы

		бруцеллездің серологиялық балауында қолдану»	ғылымдарының докторы, профессор, «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ. Xiaojun Wang - PhD., профессор, Ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясы, Харбин ветеринария ғылыми-зерттеу институты, Қытай Халық Республикасы	Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ
Жубатқанов а Аигерим Жандарбековна	6D120200 - «Ветеринарлық санитария»	«Ветеринарно-санитарная оценка молочной продукции при использовании химических и биологических средств для санации помещений»	Жумакаева Айкумыс Нурғалиевна ветеринария ғылымдарының кандидаты, «Ветеринариялық-санитария» кафедрасының доценті, «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің» КеАҚ. Marek Nowicki – PhD, қауымдастырылған профессор, «Варшава қаласының жаратылыстану ғылымдары университеті», Польша	«С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ

Жұмыс жоспарына сәйкес 2022 жылы диссертациялық кеңеске 6 докторант өз құжаттары мен диссертациялық жұмыстарын ұсынды. Олардың ішінен Жексенаева Асель Бексултановна және Муратбаев Даулетбек Манарбекович диссертацияларын ойдағыдай қорғап, оларға Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 1 желтоқсандағы № 105 бұйрығымен «Философия докторы (PhD) дәрежесі берілді. Ал Сулейменов Шынғыс Кайратович, Абултдинова Аида Бағдатқызы, Іңірбай Бақытқали Қабиұлы және Жубатқанова Аигерим Жандарбековнаның диссертацияларын қорғау күндері 2023 жылғы ақпан айының 1 және 2 жұлдызы болып бекітілді.

4. Есеп беру жылында кеңесте қарастырылған диссертациялар жөніндегі қысқаша талдау

4.1. Диссертациялық жұмыстардың тақырыптарына жасалынатын талдау. Жалпы доктор PhD ғылыми дәрежесін иелену үшін орындалған диссертациялар ветеринария саласына қатысты қолданбалы зерттеулер түрінде жүргізілген.

Жексенаева Асель Бексултановнаның «Безопасность, качества и ветеринарная санитарная оценка говядины в чрезвычайной зоне радиационного риска бывшего СИЯП» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ветеринарияның өзекті мәселелеріне сәйкеседі және Бұрынғы СЯСП төтенше аймағында өсірілетін сыртқы орта объектілері мен ірі қара мал өнімдерін зерттеу негізінде ветеринариялық-санитариялық сараптама мен бағалаудың ғылыми негіздерін әзірлеу жұмыстарына арналған. Жұмыс барысында алғаш рет дозиметриялық бақылауды кешенді түрде жүргізген және бұрынғы СЯСП радиациялық қаупі бар төтенше аймақтағы қоршаған орта, ірі қара малдың еті мен сүті сынамаларындағы радионуклидтік құрамын анықтаған. Радиациялық қауіпті аймағындағы ірі қара мал етінің органолептикалық және биохимиялық көрсеткіштері, олардың тағамдық және биологиялық құндылығын, сиыр етіндегі химиялық, биохимиялық, аминақышқылдық, майқышқылдық көрсеткіштер, витаминдер мен минералдық заттардың құрамын анықтаған.

Муратбаев Даулетбек Манарбековичтің «Сиыр бедеулігін алдын алу және жоюға бағытталған ветеринариялық іс-шараларды жетілдіру» тақырыбындағы ғылыми зерттеулері ветеринарияның өзекті мәселелеріне сәйкеседі және гинекологиялық патология кезінде жануарларды емдеудің және алдын алудың этиопатогенетикалық принциптерін анықтау және теориялық негіздеме беруге, сонымен қатар олардың денсаулығын сақтауға бағытталған емдеу, алдын алу іс-шараларын жетілдіру, қазіргі мал шаруашылығы жағдайында жануарларды өсіп-өну қабілетін арттыру және сиырлардың жоғары өнімділігін қамтамасыз етуге арналған. Тәжірибелік шаруашылықта сиырлардың акушерлік-гинекологиялық патологиясының таралуын зерттеу, бедеуліктің себептеріне және сауын сиырлардың өсіп-өну көрсеткіштері мен технологиялық жағдайларына егжей-тегжейлі талдау жүргізу, гормоналды және витаминді-гомеопатикалық препараттарды қолдана отырып, ауруларды емдеуге патогенетикалық негіздеме беру, кешенді және гомеопатиялық емдеуді қолдана отырып, сиырлардың ұрықтандырылуын арттыру тәсілдерін әзірлеу, жүргізілген емдеу және алдын алу жұмыстарының тиімділігіне экономикалық баға беру жұмыстары өткізілген.

4.2. Диссертация тақырыбының Қазақстан Республикасы Үкіметінің Жоғары ғылыми-техникалық комиссиясымен қарастырып, ұсынған ғылым дамуына қатысты «Ғылым туралы» Заңының 18 бабы 3 тармағына сәйкес бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларымен байланысы

Жексенаевой Асель Бексултановнаның «Безопасность, качества и ветеринарная санитарная оценка говядины в чрезвычайной зоне радиационного риска бывшего СИЯП» тақырыбындағы диссертациясы 2017-2021 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы, Шығыс Қазақстан облысы Ауыл шаруашылығы басқармасының бағдарламасы, «Бұрынғы Семей ядролық сынақ полигоны аймағында және оған іргелес аумақтарда өсірілетін ауыл шаруашылығы мал өнімдерінің ветеринариялық-санитариялық сараптамасының қауіпсіздігінің ғылыми негіздерін әзірлеу» тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жұмысы 019 бюджеттік бағдарлама аясында орындалды (мемлекеттік тіркеу № 0112РК00840).

Муратбаев Даулетбек Манарбековичтің «Сиыр бедеулігін алдын алу және жоюға бағытталған ветеринариялық іс-шараларды жетілдіру» тақырыбындағы

диссертациялық жұмысы 2018-2020 жылдарға арналған ауылшаруашылық саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер жобасы (О.0879) аясында: «Мал өсірудегі селекция әдістерінің тиімділігін арттыру»: «Сүтті ірі қара мал шаруашылығында өсірудің тиімді әдістерін дамыту» жобасы бойынша: «Оңтүстік және оңтүстік-шығыс аймақтағы сиырлардың репродуктивті қабілетін арттыру» ғылыми жобасы аясында орындалды.

4.3. Диссертация нәтижелерін өндіріске енгізу деңгейін талдау

Жексенаева А.Б. бұрынғы СЯСП радиациялық қатерінің төтенше аймағында дозиметриялық бақылау жүргізу және қоршаған орта, ірі қара малдың еті мен сүті сынамаларындағы радионуклидтік құрамды анықталды. Бұрынғы СЯСП радиациялық қауіпті аймағындағы сиыр етінің органолептикалық және биохимиялық көрсеткіштерін зерттеді. Бұрынғы СЯСП радиациялық қауіпті аймағында сиыр етінің тағамдық және биологиялық құндылығын айқындады. Радиацияның созылмалы дозаларының бұрынғы СЯСП радиациялық қатерінің төтенше аймағында сиыр етінің амин қышқылы, май қышқылы, витамин және минералды құрамына әсер ету дәрежесін анықтады. Бұрынғы СЯСП радиациялық қауіп бар төтенше аймақта сиыр еті мен сиыр сүтінің сапасына ветеринариялық-санитариялық бағала берді.

Д.М. Мұратбаевпен алғаш рет американдық селекцияның айширімен будандастырылған симментал тұқымының сүтті сиырларының гинекологиялық патологиясы мен бедеулігіне әкелетін негізгі этиологиялық факторлар туралы жаңа ғылыми мәліметтер алынды. Гормоналды және витаминді-гомеопатиялық схемаларды қолдана отырып, гипофункцияны емдеу схемалары, сондай-ақ сиырлардың ұрықтануын ынталандырудың кешенді және гомеопатиялық схемалары әзірленді және енгізілді. "Камышинское" ШҚ сиыр бедеулігін емдеу және алдын алу үшін қолданылған схемаларға экономикалық баға берілді.

5. Пікір берушілер жұмыстарын талдау.

Ветеринариялық ғылымдар бойынша диссертациялық кеңес мәжілістерінде қорғалатын диссертациялық жұмыстар бойынша пікір берушілер қарастырылып, бекітілді.

А.Б. Жексенаеваның диссертациясы бойынша пікір берушілер ретінде Сарсембаева Нұржан Билтебаевна – ветеринария ғылымдарының докторы, Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу университетінің профессоры (Алматы қ.) және Нұрғалиев Біржан Елубаевич – ветеринария ғылымдарының кандидаты, Жәңгір хан атындағы Батыс-Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің қауымдастырылған профессоры тағайындалды (Орал қ.)

Д.М. Мұратбаевтың диссертациясы бойынша пікір берушілер ретінде С Усенбеков Есенғали Серикович – биология ғылымдарының кандидаты, Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу университетінің профессоры (Алматы қ.) және Кемешов Жомарт Омирбекович – ветеринария ғылымдарының кандидаты, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің аға оқытушысы (г. Астана) тағайындалды.

Пікір берушілер ретінде жоғары оқу орындарының, ғылыми ұйымдардың ғылыми жобалармен жұмыс жасайтын, халықаралық ғылыми басылымдарға жарияланымдар жасайтын, сәйкесімді мамандықтар бойынша ғылыми атақтары, дәрежелері бар жетекші ғалымдар тағайындалды.

Пікір берушілердің пікірлері оларды дайындауға, толтыруға қатысты қойылатын талаптарға сәйкес рәсімделінді. Жалпы алғанда пікір берушілер ұсынылған диссертацияларға мұқият талдаулар жасады, ал жұмыстар қойылатын талаптарға сай болды.

6. Ғылыми мамандарды дайындау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар.

-жоқ.

7. Мамандықтар арасында философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор атағына іздену бойынша қарастырылған диссертациялар туралы мәліметтер

	Мамандығы	Мамандығы
	6D120100- «Ветеринария лық медицина»	6D120200- «Ветеринариял ық санитария»
Қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде, өзге оқыту ұйымдарынан қабылданғаны)	4 (2)	2 (1)
Қарастырудан бас тартылған диссертациялар (оның ішінде, өзге оқыту ұйымдарынан қабылданғаны)	-	-
Пікір берушілер тарапынан теріс пікір алынған диссертациялар (оның ішінде, өзге оқыту ұйымдарынан қабылданғаны)	-	-
Қорғау нәтижелері бойынша оң шешім қабылданғаны	1	1
Оның ішінде, өзге оқыту ұйымдарынан қабылданғаны	-	-
Қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім қабылданғаны (оның ішінде, өзге оқыту ұйымдарынан қабылданғаны)	-	-
Қорғалған диссертациялардың жалпы саны	1	1
Оның ішінде, өзге оқыту ұйымдарынан қабылданғаны	-	-

Диссертациялық кеңес төрағасы



И.Т. Жақыпов

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы



Ж.Ә. Сұраншиев